

"Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Талас ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 350 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы Талас аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 439 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 қарашада № 3221 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Талас ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 350 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3177 болып тіркелген, 2016 жылдың 14 қазанында аудандық "Талас тынысы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Талас ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулының Талас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қайрат Аманжолұлы Рахимжановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Рысмендиев

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының субсидияланатын әрбір түрі бойынша субсидия алуға ауданның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін тізімге қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы
1	Майлы дақылдар	10.10.2016 жыл	08.12.2016 жыл
2	Дәндік жүгері, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін және өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	10.10.2016 жыл	08.12.2016 жыл
3	Дәндік жүгері	10.10.2016 жыл	08.12.2016 жыл
4	Көпжылдық шөп (таза егіс)	10.10.2016 жыл	08.12.2016 жыл
5	2, 3 өсу жылдарындағы көпжылдық шөптер	10.10.2016 жыл	08.12.2016 жыл
6	Көп жылдық шөптер, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	10.10.2016 жыл	08.12.2016 жыл
7	Картоп	10.10.2016 жыл	08.12.2016 жыл
8	Күздік бидай	10.10.2016 жыл	08.12.2016 жыл
9	Жаздық арпа	10.10.2016 жыл	08.12.2016 жыл